



Жас Алаш
Республикалық газеті

«Абылай ханның арманы» қойылымын көргеннен кейін түйген ой



Хан Абылайдың 300 жылдық мерейтойының бір келісті көрінісі ретінде Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында белгілі жазушы Думан Рамазанның “Абылай ханның арманы” атты тарихи драмасының премьерасы өтті. Бұған дейін де елорда тұрғындары мен қонақтарына ұсынылған Қазақ хандығының ең соңғы ханы Кенесарының өмірін, жастық шағын, еліне деген ұлы махаббатын бейнелейтін “Кенесары–Күнімжан” атты пьесасы өте табысты өткенін көзі қарақты оқырман білер. Ақ патшаның қайыс ноқтасы басына түскен қазақ халқының сол замандағы шынайы көрінісін суреттейтін туынды тек елімізде ғана емес, сонымен қатар қаны бір туысқан ел – Түркияда да қойылып өнерсүйер жұртшылықтан өз бағасын алды.

Ұлт тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлғалар жайында тағы бір шығарма дүниеге келді. Қайсар қаламгер Думан Рамазан жазған жаңа пьеса “Абылай ханның арманы” деп аталса, оны сахналаған – жазушымен үндес, рухтас, танымал режиссер Болат Ұзақов. Осы бір екі талантты өнер қайраткерінің шығармашылық үйлесімі, жан дүниелерінің ортақтығы бүгінгі алаш баласының ой-санасына рухани сәуле түсіріп, нұрын шашары анық.

Драма екі актіден тұрады. Алғашқы бөлігі аң аулаумен қапияда жау қолына түскен жас Абылайдың жоңғар хонтайшысы Қалдан Сереннің ордасынан бір-ақ шығатын тұсынан басталады. Қаракүңгірт дала, қамысты өлкені елестететін бұл көріністе жоңғардың батыры Жалбының тау жаңғыртқан дарақы даусы құлаққа түрпідей тиеді. Жауының тірідей, жау болғанда да аса ірі жауының, Шарыштың басын кескен Абылай сұлтанды қонтайшыға тапсырып, қалауын алмаққа масаттанатын Жалбының бейнесімен оқиға желісі шиыршық атып ширыға түседі. Тау тағысы жолбарыстың терісінен жасалып, бас сүйегі орнатылған тақтағы Қалдан Сереннің алдында бас иеген Абылай бейнесі о басында-ақ асқақтығымен, ешкімге еңкеймеген тектілігімен көрінеді. Жас та болса ақыл-парасатымен жау патшасын мойындатқан жас сұлтан Абылайға қонтайшының қызы – Топыш сұлудың көңілі құлайды. Абылай – Топыш – Жалбы – Әмірсана төрттігіндегі ширығулар мен шарпысулар ұтымды шыққан, бұлай болатын себебі көркемдік шындықтан бұрынғы, түп негізгі тарихи шынайылықтан туындайтын жайттар болатын. Абылай мен Әмірсананың анда дос болғаны, кейінгі өмірде бір-біріне сеп, демеу болғаны ел білетін тарихи шындық.

Шартты түрде “Жоңғар ордасында” деуге болатындай бірінші бөлім атақты Қаз дауысты Қазыбектің Абылайды босатып алып, қазақ даласына бет алуымен аяқталады. Қос алып

империяның ортасында отырып қырқысқан көшкінші елдердің саяси бағыттары, сол кезеңдегі азуын айға білеген Жоңғарияның Рүссия мен Қытайдың айдап салуымен қазақ жеріне дүркін-дүркін шабуыл жасауының астары мейлінше шынайы сипатталады.

Ал екінші актіні “Қазақ даласында” деуге келетіндей. Топышын қолына қондырған Абылай өзінің туған топырағында. Жыл жылжыған сайын мерейі тасып, даңқы аспандауда. Жауларын жасытып, алып елдермен тең дәрежеде сөйлесіп, еркіндігін танытып отыр. Асқан мәмілегерлігінің арқасында Қытайға да жем болмай, Рүссияға да бағынбай, тізгінді нық ұстаған Абылай бейнесі бастапқыдай емес, іріленіп, байсалданып, парасаттанып барады. Солай болуы заңды да. Себебі, баяғы өзінің жас күніндегі досы Әмірсанаға қарағанда туған халқының, төрт тарабының ұлық тұтып құрметтер тұлғасына айналып барады. Ал Әмірсана ше? Ол өзі ескі тарихтағы Шыңғыс қағанның қасындағы Жамұқа сияқты. Көздің құрты, мансапқұмарлықтың кесірінен таққа таласып, туысқандарын түгелдей қырғынға ұшыратқан ол “күн нұрынан жаралған ұлы мәртебелі қағаны” болған туған елінің тағдырын басы бүтін Қытай еліне тапсыра салды. “Біз неткен бақытты ұрпақпыз!” деп кеудемізді мақтаныш кернейтіні осы сәт. Егер Абылайдай дана басшы болмағанда, есесіне халқымыздың маңдайына Әмірсанадай шалағай бұйырғанда қайтер едік?! Әрине, кезінде ат үстінде дүрілдеп өткен Жоңғария мемлекетіндей жер бетінен біржола жоғалып кетер едік. Міне, көрдіңіз бе, біздің тағылым алар тұсымыз қайда жатыр?!

Спектакльдің соңына таман Қасымның маңдайынан сүйген Абылай төрге беттейді. Осы жерде айта кетер жайт, ханның атақты немере, шөберелері – осы Топыш сұлудан туған ұрпақтар. Қасымнан туған Кенесары, Наурызбай, одан кейінгі ұрпақ Сыздық төрелер, аһ ұрып азаттық сұраған алыптардың барлығы да Абылайдың қалмақ әйелінен тараған. Алты алаштың басын қосып төрге озған Абылай тек туған халқының ғана емес, түбі бір Түрік жұртының жұмыла біріккен, тасқамалға айналған күнін көруді армандайтын тұсы пьесаның финалдық шешімінде көрініс табады.

Пьесада ұсақ детальдар жоқтың қасы. Ірі сөйлеп, кесек тұрайды. Кейіпкерлерінің бәрі аузын толтырып сөйлеп, күлсе бар даусымен күледі, жыласа шын еңкілдеп жылайды. Замана бедеріндегі тарихи жандар өз ортамызда, яғни тура біздің көз алдымызға аяқ астынан пайда болып, сөйлей жөнелгендей сезіледі.

Қазақ ордасының ішкі безендірілуіне көңіл шіркіннің қоңылтақсып қалғанын несіне жасырайық. Алғашқы көріністе, яғни Қалдан Сереннің ордасында кәдімгідей сұс бар, мысы басып-ақ тұрады. Қонтайшы тағының арқалығы жолбарыс терісінен жасалып, жыртқыштың басы орнатылған болса, біздің Абылай ханның тағы тым қарабайыр. Жай бір орындық секілді.

Тағы бір көзге қораш көрінген нәрсе – жоңғар қонтайшысының қолынан тостаған түспейді. Ел ішіндегі жанжалдарды басуда да, мемлекетаралық деңгейдегі мәселені шешуде де кесе көтерген қонтайшы. Актер Жанқалдыбек Төлендиевтің шеберлігіне шүбә жоқ, тек мемлекет басқарған үлкен тұлғаның не шай ішкен, не қымыз ұрттаған сәтін көрсете беруі керемет еді дей алмаймыз.

Актер демекші, басты рөлді сомдаған Қуандық Қыстықбаевтың ойыны тәнті етті. Рөлді сомдаған дейміз-ау, шын мәнінде ол бір сәт өзін Абылай болып елестетіп көрген болар деп ойлаймыз. Шығарманы жан-тәнімен түсініп, дәуір сипатын, тұлға келбетін шынайы көрсетуде көп еңбектеніп, терең ізденгені аңғарылды. Ержан Нұрымбетовті бәсі биік актер ретінде білетін едік, сол деңгейден төмендемейті. Бізді шын шеберлігімен баурай білген Жанқалдыбек Төлендиевтің Қалдан Серені – тарих көшінде қалған шоң тұлғаға соғылған ескерткіштің нақ өзі. Топышты келістірген Айман Кәріпсейітова қалмақтан қалайша қазаққа айналып кеткенін өзі де аңғармаса керек.

Абылай туралы шығарма жазу – жазушы біткеннің биік мұраты. Ал соны сахна төріне алып шығу – одан да зор арман. Мұндай асқаралы шыңның, мұзарт таудың басына жету кез келгенге бұйыра бермес бақыт. Сондықтан аса күрделі, ауыр тақырыпқа қалам тарту үшін алдымен батылдық керек екені даусыз. Нар тәуекел етіп, Әбіш Кекілбай, Қабдеш

Жұмаділов сияқты ірілер қаузаған Абылай хан бейнесіне жаңашыл көзқараспен, өзгеше өрнекпен келген әдебиеттегі Думан Рамазан мен театрдағы Болат Ұзақовты ұлттық мәдениеттегі орындарын айқындай білген бақытты тұлғалар деп ашық түрде қуанышпен айта аламыз.



Топыш сұлу (А.Кәріпсейітова) мен Қалдан Серен (Ж.Төлендиев).

**Заңғар КӘРІМХАН,
Астана.**